

*А. Сахарбай, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының алдын ала тергеу кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры;*

*А. Т. Шакжанов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының алдын ала тергеу кафедрасының оқытушысы, полиция майоры*

## **СОТҚА ДЕЙІНГІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ІС ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

2011 жылдың 18 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті «Қылмыстық заңнама және қылмыстық іс жүргізудегі заңдылықты нығайту мәселері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 393-IV Заңына қол қойды.

Аталған заңға сәйкес, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібі бойынша сотқа аса ауыр санаттағы қылмыстардан басқа барлық санаттағы қылмыстар жіберілуге жататыны белгіленді.

Сонымен қатар, (ҚР ҚДЖК 190-1 бап 1-бөлім) сотқа дейінгі жеңілдетілген өндірісте қылмыс жасаған адам белгілі болса, ол өзінің кінәсін келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дау айтпай мойындаған жағдайда қолданылады, жазбаша арыз түрінде бекітіледі.

Анықтау органының бастығына, бастықтың тергеу жөніндегі орынбасарларына келесі орындалуын тікелей бақылауға алу тиіс:

– ҚР ҚДЖК 285-б. 2-б., 192-б. 2-б., көрсетілгендей, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу материалдарында қылмыс жасаған жеке тұлға анықталу тиіс;

– міндетті түрде арыздың болуы;

– қылмыстың жасалуын өз көздерімен көргендерді анықтау, қылмыс жасаған адамды тура көрсетсе;

– алынған айғақтық заттар (қылмыс құралы);

– қылмыс жасағандығы туралы адам өз кінәсін дау айтпай мойындаған жағдайда, арызданушы және көзі көргендердің жауаптарына толығымен келіскенде, қылмыс салдарынан келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне келіскенде;

– сотқа дейінгі жеңілдетілген өндіріс аяқталғаннан кейін хаттама толтырылады, ол екі шешімді біріктіреді, қылмыстық іс қозғау туралы акті және адамды айыпкер ретінде тану актісі болып табылады. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасы қылмыс жасаған адамға және арызданушыға жолданады;

– хаттама анықтау органының бастығымен бекітіледі;

– қылмыс туралы арыз немесе хабарлама тіркелгеннен кейін 10 тәулік ішінде прокурорға жолданады.

Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар 190-1-бабының 2-бөлігінде көрсетілген.

Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің қолданыс аясына жататын қылмыстарға талдау жасау барысында келесідей көрініс анықталды:

Жалпы сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу нысаны арқылы тергелуге жататын 369 қылмыс, оның ішінде орташа ауырлықтағы қылмыстар:

ІІМ	— 123 (56,3 %), баламалы қылмыстармен қоса — 153 (71,2 %);
ҚПА	— 36 (16,7 %);
ІІМ және ҚПА	— 26 (12,1 %);
ҰҚК	— 21 (9,8 %);
ІІМ, ҚПА, ҰҚК	— 2;
ҰҚК және ҚПА	— 2;
ІІМ және ҰҚК	— 2;
КК	— 1;
ТЖМ	— 1;
ҚПА және КК	— 1.

Онша ауыр емес қылмыстар бойынша:

ІІМ	—	98 (63,6 %), баламалы қылмыстармен қоса (70,1 %);
ҚПА	—	40 (26,0 %);
ІІМ және ҚПА	—	8 (5,2 %);
ҰҚК	—	3 (1,9 %);
КК	—	1;
ІІМ, ҚПА, ҰҚК	—	2.

Сонымен қатар, тергеу реті анықталмаған Қылмыстық кодекстің екі бабы белгілі болды, олар 1) 114-1 б. 1-бөл. және 2) 321-1-б. Оларға қатысты жеңілдетілген іс жүргізуді қай орган жүзеге асыратындығы әзірше заңмен анықталмаған. Сондықтан осы төңіректе зерттеу жұмыстарын жүргізген абзал секілді. Жүргіліген талдаулық жұмыстарға сәйкес сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу нысанының құжаттары әр облыста әр қилы екендігі анықталды.

Пікірімізше, республиканың барлық аумақтарында сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу нысаны құжаттарының біркелкі болуын қамтамасыз ету үшін арнайы сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің макетін өңдеп құрастырған жөн және оны заң негізінде бекіту қажет.

